

ДҮНИЕДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?


XXI ғасырдағы алыптардың алыбы, даналардың жұрнағы, ұлылардың ізбасары – сөзсіз Мекемтас Мырзахметұлы атамыз еді. Ол кісімен менің таныстығыма биыл 11 жыл толыпты. Ба- жайлағанға бірде аз уақыт, бірде осал еместей көрінер. Мектепті бітіре сала Мекемтас атамен та- ныстығым басталды. Айбарлы тұлға бұл кезде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан универси- теті «Абайтану» орталығының директоры болып қызмет атқаратын. Мен бұл кезде аталған оқу ор- дасының филология факультетінің 1-ші курс сту- денті едім. Әуелгіде телефон арқылы байланыс- тық. Көңілде қобалжу. Жолыққым келетінін айт- тым. Бұрындары Мекемтас атаның Социалистік Еңбек ері, нағашым Егемқұл Тасанбаевпен тығыз байланыста болғанын естуші едім. Өзінен сұрап едім, рас болып шықты. Араларында ерекше бай- ланыс болып, рухани көпір орнаған екен. Содан Мекемтас атамен алғаш кездесудің сәті түсті. Ол туралы сөз қозғасақ, басылымның шеңберіне сый- масы анық. Содан бастап аяулы тұлғаның соңы- нан ерген шәкіртіне айналып, дүниеден өткен- ге дейін арамызда мызғымас байланыс орнады. Филология ғылымдарының кандидаты, Мекемтас атаның шәкірті Ақжол Қалшабектің жетекшілік етуімен «Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасын- дағы көркемдік-танымдық мәселелер» тақыры- бында дипломдық жұмыс қорғадым. Сол жұмы- сымды оқып шыққан соң, үйіне шақырып: «Мұн- дағы ойларыңды сенің жасыңдағылар ойланбаса керек, Абайдың бұл туындысына көп ғалымның тісі батпай жүрген еді. Ақжол екеуің біраз нәр- сені қопарыпсыңдар», - деп баға бергені әлі күнге дейін жадымда. Сонан соң Мекемтас ата: «Бұл ең- бегіңді магистратурада жалғастыр. Бәлкім доктор- лық жұмысқа ұласар. Еңбек жаз. Қолымнан кел- генді аямаймын», - деп батасын беріп, магистра- тураға түсуіме өзі ықпал еткен еді, жарықтық!

Мекемтас атаның демеуі- мен һәм алқалауымен ма- гистрлік диссертациямды Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасын тақырып етіп алып, қорғап шықтым. Же- текшім Ақжол Қалшабек- пен диссертацияны кітап етіп шығардық. Бір емес, бұл еңбек бойынша бірнеше

һәм Абай атты екі томдық кі- тапқа ұласты. Мекемтас ата бұл еңбекке пайымды пікір білдіріп, мұхтартану ғылы- мындағы соны жетістік бол- ғанын айтып, сендердің іс- тейтін дүниелерің әлі алда деп қанатымызды қатайт- ты.

Атаның ғұмырының соң-

ғы жылдары жан-тәнімен беріле еңбек етті. Олай бо- луының да жөні бар. Марха- бат Байғұт атамыз: «Қаты- гездік пен қайырымсыздық, күншілдік пен бақастық қа- лалардан емес, тұрғындар та- раптан болар. Онда да зиялы- мын деп жүрген зиясыздар- дан (нұрсыздардан), жалған- дыққа иланып, жағымпаз- дыққа жығылар имансыздар- дан көбірек шығар. Бұл – жа- ңалық емес. Қашан да, қайда да солай. Осылай жалғаса бе- рер. Әйтпесе, Әл-Фараби баба- мыздың қайырымды қала із- деп жаһан кезіп бара жатқан- дағы бейнесінің елесі бүгінгі Мекемтас ағамыздың тұрпат- тулғасынан табылар ма еді?»



ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МЭТРІ


ласып тұрдық. Ата да біз- ге хабарласуды ұмыт қал- дырған жоқ. Телефоннан есімі шыға қалса, есіміз шығып қуанушы едік. Мұ- хиттың тереңдігі, асқар шыңның биіктігі осындай- да байқалады екен ғой. Тә- каппарлықтан ада, кісілік- тен бойын таза ұстаған күйі мәңгілікке бет түзеді, ар- дақты атам!

Көңіл әлі де сенбейді. Әлі де «Мұхтартану» орта- лығында отырсаң, жайда- ры қалпымен кіріп келетін- дей, телефон шылдырласа, аяулы Мекемтас ата хабар- ласатындай күйдеміз.

Дүние шіркін осындай екен. Шолақ екен. Лезде өте шығады. Сіздің Абайыңыз, біздің Абайымыз:

«Кәркиден, пілдей қуатты,
Тағы арыстан жүректі,
Аплатон, Сократ ақылды,
Қаһарман Ғали білекті.
Өз заңымша ұқсаттым,
Берген Құдай тілекті.

Оспанды алған бұл өлім,
Тәубе қылсақ керек-ті»
деген екен. Қазаққа сіз- дей ұлы перзент сыйлаған Жаппар Хаққа сансыз мақ- тау айтамыз. Сіздей ұстаз- ға шәкірт болған бізде ар- ман жоқ, асыл ата!



бұл еңбек бойынша бірнеше кітап жарық көрді. Мекемтас ата: «Ешкім бармағанға бардыңдар», - деп ризашылық білдірді. Осы бойынша тіпті баспасөз беттерінде пікірлері жарық көрді. «Китаб тасдиқ» жайлы жаңалығымызды «Qazaqstan» ұлттық арнасында Нұртілеу Иманғалиұлымен болған сұхбатта қалың көрерменге паш етті.

Онан бөлек, ақсақалдың бағыт көрсетуімен «Әуезовтің Оңтүстікке сапары» жинағын құрастырдық. Бұл туынды кейіннен «Әуезов

Атаның ғұмырының соңғы жылдары Оңтүстік өңірінде өтті. Өзі шыр етіп дүние есігін ашқан Түлкібас тауларының баурайында тағлымды сәттерін өткізді. Тоқсаннан асып, жүзге қадам басса да дамыл таппады. Қанша адамның шабытын ашып, көкірек көзін оятты. Қаруы – қалам, серігі – ақ парақ, жан жолдасы – адалдық пен әділдік болды.

Өз сөздерінде «Абайтану – оңтүстікке ауды» деп отырушы еді. Шымкент Мекемтас ата үшін айрықша қала болды. Шымшаһарда соң-

туласынан табылар ма еді?» Иә, себебі де сондай. Мархат Байғұт айтқандай... Аяулы Мекемтас атамыз сипаттағандай, Мекемтас ата үшін «Шымкент – қайырымды қала» болды. Ғұмырының кейінгі жылдарынан, бақиға аттанғанға дейін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде табысты еңбек етті. 2018 жылдан бері іргелі қара шаңырақта «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы қызметін атқарды. Атаның «Толық адам» туралы кітабының талқылауын да осы

орталықта өткізді. Анығын айтқанда бірге болдық. Бірлесе жұмыс атқарып, тізе қосып тірлік еттік. Бұл өміріміздегі ең бақытты шақтар болды. Соңғы рет 23-ші қарашада абайтанушы ғалым, шәкірті Ақжол Қалшабек ағамызбен көңілін сұрай барғанымызда атамыздың әжептәуір әлсіреп қалғанын байқаған едік. Сонда көңіліміз құлазыды. Бірақ, ұлылықтың нәрімен сусындаған ғарыштық сана сол күйі

биіктен түспеді. «Сендердің жақсы болғандарың – өзімнің жақсы болғаным. Сондықтан біраз жұмыс тындырдыңдар. Осы жетеді демендер, бұл бастама. Алдарыңнан көлденең жұмыстар көп шығады. Соған күштеріңді салып, абыроймен алып шығыңдар», - деп батасын берді. Соңғы жүздесу екенін білмеппіз ғой, әттең!

Мекемтас атамен телефон арқылы ұдайы хабар-

Өзіңіз ғұмыр бойы бойтұмар еткен ұлылармен жүздесіп, қауышқан боларсыз!..

Қош болыңыз, ата!

Бақұл болыңыз, әдебиеттану ғылымының мэтрі!

Алла алдыңыздан жарылқасын!

Әзімхан ИСАБЕК,

Мекемтас

Мырзахметұлының шәкірті, жас ғалым